



Іздеу

КЕБЕЖЕ

ЖАҢАЛЫҚТАР

САЯСАТ

ҚОҒАМ

БІЛІК

ЭКОНОМИКА

АЙМАҚ


ӘЛЕУМЕТ

АБАІ TV

46 - сөз9705 пікір8 Ақпан, 2021 сағат 13:37

Қазақ тілін үйретудің бес әдісі

Арман Қани



Қазақстанда мемлекеттік мәртебеге ие қазақ тілін меңгермеген азаматтардың саны жүз мыңдап емес, миллиондап саналады! Ондайлар Үкімет пен Парламент төрінен бастап ауылдық кеңестер мен ауыл әкімдіктерінің кеңселеріне дейін отыр. Қазақша айтылған сауалдың мағынасын түсінбейтін министрлер мен мемлекеттік тілдегі төрт сөйлемнен тұратын ант мәтінін оқи алмайтын мәжіліс депутаттары біздің елде ғана бар шығар. Сол «шіркіндердің» орысша сөздеріне құлағы үйреніп, еті өліп кеткен жеке меншік мекемелердің қызметкерлері қазақ тілін керек қыла ма? Ал ондайларға тілді мәжбүрлеп оқыту, үйрету заңнамада және бағдарламаларда қарастырылмаған.

Менің ойымша, қазақ тілін үйретудің мынадай бес әдісін қолдансақ қана мемлекеттік тілдің мәселесін шеше алатын сияқтымыз:

1. Қазақша қақпайтын министрлер мен Парламент депутаттарына, сондай-ақ барлық деңгейдегі шенеуніктер мен халық қалаулыларына Елбасының: «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде» деген аталы сөзінің мән-мағынасын түсіндіріп, үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу;
2. Мемлекеттік тілді білмейтін шенеуніктерге, жеке меншік нысандар иелеріне, кәсіпкерлерге қазақ тілін үйренгенінше ай сайын ірі мөлшерде айыппұл салып отыру. Нәтиже шықпаса қызметінен босату;
3. Мемлекеттік тіл салтанат құрмаған мемлекеттік және жекеменшік мекемелерді, ұйымдарды (Президент әкімшілігі, Үкімет, Парламенттен бастап барлық деңгейдегі мемлекеттік мекемелер, халыққа қызмет көрсету нысандары, жекеменшік сауда орындары, т.б.) тарқату, жұмысын тоқтату, тек қазақ тілін меңгерген, сонымен қатар, қажеттілігіне қарай орыс, ағылшын тілдерінде еркін сөйлей алатын кадрлармен жасақтап қайта құру;
4. Мемлекеттік тілді білмейтін шенеуніктерді, жеке меншік нысандар иелерін, кәсіпкерлерді Қазақстан азаматтығынан айырып, Ресей Федерациясына көшіріп жіберу;
5. Мемлекеттік тілді мәжбүрлеп оқыту лагерьлерін ашып, қазақша қақпайтын шенеуніктерді, кәсіпкерлерді белгілі бір мерзімге қамау, тек қазақ тілінен емтихан тапсыра алғандарын ғана еркіндікке шығару.

Қазақ тілін мәжбүрлеп үйретудің осындай бес әдісі ғана ойыма келіп тұрғаны...

Ал кең қолданыста жүрген мемлекеттік тілді білмейтін азаматтардың аты-жөнін, қызмет орнын БАҚ және әлеуметтік желілер арқылы жұртшылыққа жария етіп маскаралау, тіпті ар-ожданын қорлау әдісі нәтиже берсе, кәнеки.

Сонымен, мемлекеттік тілдің мәселесін қайткенде шеше аламыз? Кімде қандай пікір, ұсыныс бар? Мархабат.

Арман Қанидың жазбасы

Abai.kz

Ең көп оқылған	
1	Қазақ тілін үйретудің бес әдісі 1 күн бұрын
2	Әділдік толық орнау үшін... 1 күн бұрын
3	Байқоңырды қашан қайтарып аламыз? 16 сағат бұрын
4	Мұқағали мұрасын сақтаған жөн 1 күн бұрын
5	Тіл мәселесі - кезек күттірмейтін мәселе! 1 күн бұрын


5 пікір

Үздік материалдар



Бейсен Құранбек атында «Жігер» сыйлығы тағайындалды

Abai.kz510795



Білгенге маржан

Порталымыздың ресми электронды поштасы abai.kzportal@gmail.com екенін тағы да хабарлаймыз!

Abai.kz527417



Әдебиет

Соқпақбаев романындағы цензураға түскен беттер

Қанат Бірлікұлы39222



Дін мен тін

«Алаш Орданы» тұтас халықтың қолдамауының астарында дін проблемасы жатыр

Зікірия Заманханұлы54136

Электронды таратылымға жазылыңыз

EMAIL ПОШТАҢЫЗ

ЖАЗЫЛУ

Жоба туралы
Байланыс
Жарнама
Мұрағат
Қолданушы шарты
E-MAIL: abai.kzportal@gmail.com

Басты бет
Абай-ақпарат
Бас тақырып
Әдебиет
Ағаш ат
Алашорда

Қысқа-нұсқа
Саяси портрет
Саңлақ
Білгенге маржан
Мәңгілік ел
АБАІ TV

Сайттағы материалдарды пайдаланғанда міндетті түрде сілтеме берулеріңізді сұраймыз. Ақпараттық порталдағы авторлық және басқа да құқықтар толығымен қорғалатынын ескертеміз. Автордың жеке пікірі редакцияның көзқарасы болып саналмайды. Жарнама мен түрлі хабарландыруларға жарнама беруші жауапты.